**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**
**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК**
**Заң факультеті**
**Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы**

**БЕКІТЕМІН**
«Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университеті» ШЖҚ РМК
заң факультетінің деканы
__________ С.К. Амандыкова
«26» «06» 2018ж.

**KRKK (ZhB) 2207 Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім) пәні бойынша**

**«5В030100 – құқықтану» мамандығының білім алушыларына арналған**

**Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)**

**Астана 2018**

ЕҰУ Ф 703-13-17 Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus). Бірінші басылым

| | Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті | Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus) | Басылым: бірінші |
|---|---|---|---|


ҚР Қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім) пәні бойынша Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus) типтік бағдарламаның негізінде құрастырылған.

**Құрастырған**
**з.ғ.к., доцент** _______________ **М.Б. Мұратханова**

Кафедра отырысында қарастырылды «26» 05 2018 ж., хаттама № 11

**Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор** _______________ **Е.Қ. Қаржаубаев**

Факультеттің оқу- әдістемелік комиссиясының отырысында мақұлданған.
«08» 06 2018 ж., хаттама № 10

**Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясының төрайымы** _______________ **Б.А. Жусипова**



ЕҰУ Ф 703-13-17 Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus). Бірінші басылым

## Түсініктеме хат

**1. Пәннің қысқаша сипаттамасы**

«Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» Ерекше бөлім оқу пәнінің мазмұны ұлттық қылмыстық заңдылық және қылмыстық құқық бойынша толық білім жүйесін ұсынады. Бұл пәннің мазмұны Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының жүйесінен бастау алады және қылмыстық құқығы ғылымын терең зерттеуге бағытталған.

**Пәннің мақсаты:**

қылмыстық құқықтың негізгі санаттарын, қылмыстық заң, қылмыс пен жазаны, жазаны тағайындау және қылмыстық жауаптылыққа тартудың тәртібін, сондай ақ одан босатудың, әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын мән жайларды, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылық мәселелерін, сондай ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын меңгеру;

**Пәннің міндеттері:**

- жеке тұлғаларды жасаған қылмыстары үшін жауапқа тартудың негіздері мен тәртібіне, сондай-ақ сот органдары қызметінің құқықтық негіздері мен ұйымдастырылуына қатысты мәселелерді терең зерттеу;
- ұлттық қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларымен өзара байланысының көрінісі, яғни қылмыстылықпен күрестегі шаралардың тиімділігін арттыру қажеттігі анықталады;
- студенттерде қылмыстық құқық нормаларын дұрыс түсіндіру мен қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- кәсіптік жарамдылық және біліктілік деңгейін көтеру, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы бойынша білім жүйесін қалыптастыру, қылмыстық құқық нормаларының тәжірибелік қолданылуы мен түсіндірудің дағдыларын меңгерту.

**2. Пререквизиттер**

Аталған пәнді меңгеру үшін *мемлекет және құқық теориясын* білу (түсінігі, белгілері, құқық функцияларын, құқық нормасының құрылымын, құқық жүйесін, құқықтық жүйелер, құқық бұзушылықтың түсінігі мен түрлері және т.б), *Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы* (адам және азамат, соттар және сот төрелігі және т.б), *Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы* (түсінігі, мақсаттары, функциялары, әдістері, әкімшілік құқықтың жүйесі, әкімшілік құқық бұзушылықтың түсінігі, белгілері, құрамы және түрлері және т.б) пәндерін меңгеру барысында игерілген білім мен дағдылар қажет.

**Постреквизиттер**

Аталған пәнді меңгеру барысында игерілген білім мен дағдылар Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлім), Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару құқығы, Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығы бойынша арнайы курстарды меңгеруге қажет болып табылады.

**3. Оқу жоспарынан көшірме**

Курс____2______

Семестр___3____________

Кредит саны__3____________

| Сабақ түрі | Жалпы сағат саны |
|---|---|
| Дәріс | 30 сағ. |
| Тәжірибелік сабақ | |

| | |
|---|---|
| Семинар сабақ | 15 сағ. |
| Зертханалық сабақ | |
| Студиялық сабақ | |
| БӨЖ | 90 сағ. |
| Барлығы | 135 сағ. |

## МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

(академиялық сағатта)

| № апталар | Модульдің және бағдарламалық материалдардың атауы | Сағат саны |
|---|---|---|
| | **Модуль 1. Модуль атауы –Қылмыстық құқықтың жалпы түсінігі және ұғымдары.** | |
| | **Дәрістер** | |
| | 1.1 Қылмыстық құқықтың түсінігі, пәні және жүйесі. Қылмыстық құқық ғылымы. Қылмыстық заң. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, электрондық оқулық, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 1.2 Қылмыстық терісқылық және қылмыс ұғымы. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, тақырып бойынша презентация, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 1.3 Қылмыстық құқықбұзушылықтың объектісі. Қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағы. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 1.4 Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъектісі. Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъективтік жағы. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 1.5 Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері. Қасақана қылмыс істеудің сатылары. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | **Тәжірибелік (семинар) сабақтар** | |
| | Қылмыстық құқықтың түсінігі, пәні және жүйесі.<br>Қылмыстық құқықтың ұғымы, маңызы және жүйесі.<br>Қылмыстық құқық ғылымы.<br>Қылмыстық заң. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, іскерлік ойындар. | 1 |
| | Қылмыстық терісқылық және қылмыс ұғымы.<br>Қылмыс ұғымы.<br>Қылмыстық терісқылық ұғымы.<br>Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.<br>*Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, іскерлік ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | Қылмыстық құқықбұзушылықтың объектісі. | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| | - Қылмыстық құқықбұзушылық объектісінің ұғымы.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтың объектісінің түрлері.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағының түсінігі.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағының міндетті және факультативті белгілері.<br>*Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, онлайн ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | |
| | Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъектісі және субъективтік жағы.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъектісінің ұғымы және белгілері.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъектісінің түрлері.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъективтік жағының түсінігі.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтың субъективтік жағының міндетті және факультативтік белгілері.<br>*Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, онлайн ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.<br>- Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.<br>- Қасақана қылмыс істеудің сатылары. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | **БӨЖ** | |
| | 1.1 ҚР қылмыстық құқығының қалыптасуы мен даму тарихы<br>- Қылмыстық саясат мемлекеттік саясат бағыттарының бірі ретінде.<br>- Экстрадиция институты (қылмыскерді ұстап беру), оның маңызы.<br>Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 1.2 ҚР Жоғарғы Соты Пленумының басшылыққа алынатын түсіндірмелерінің құқықтық табиғаты. Талдау және конспект жасау.<br>- Қылмыстық іс-әрекет, қылмыс санаттарының ҚР қылмыстық кодексінің жалпы және ерекше бөлімінің нормаларында қолданылуы.<br>Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 1.3 Қылмыстың пәні және қылмысты саралау үшін оның маңызы.<br>- Қоғамға қауіпті әрекет пен оның салдарының арасындағы себепті байланыс. Реферат дайындау.<br>Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 1.4 Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының өзекті мәселелері. Шет елдік тәжірибеге салыстырмалы талдау.<br>- Заңды және фактілік қате, олардың кінәға әсері.<br>- Тақырып бойынша тапсырмаларды шешу. Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 1.5 Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылық түсінігін қалыптастырудың тарихы. Реферат жасау.<br>- Қылмыс сатыларына қатысты жаза тағайындау мәселелері. | 6 |

| | | |
|---|---|---|
| | Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | |
| | Модуль 1 бойынша барлығы | 45 |
| | Модуль 2. Модуль атауы | |
| | **Дәрістер** | |
| | 2.1Қылмыстық құқықбұзушылықтардың көптігі. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 2.2 Қылмыстық құқықбұзушылыққа қатысушылық. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 2.3 Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 4.4 Жазаның түсінігі және мақсаттары. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 2.5 Жазалар жүйесі мен түрлері. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | **Тәжірибелік (семинар) сабақтар** | |
| | 2.1Қылмыстық құқықбұзушылықтардың көптігі.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтардың көптігінің түсінігі.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтардың көптігінің түрлері.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылықтардың көптігінің қылмыстарды саралаудағы маңызы. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | 2.2 Қылмыстық құқықбұзушылыққа сыбайлас қатысушылық.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылыққа сыбайлас қатысудың түсінігі.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері және жауаптылығы.<br>- Қылмыстық құқықбұзушылыққа сыбайлас қатысудың нысандары. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | 2.3 Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар.<br>- Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың түсінігі және маңызы.<br>- Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың түрлері. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | 2.4 Жазаның түсінігі және мақсаттары.<br>- Жазаның түсінігі.<br>- Жазаның мақсаттары. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| | арқылы ауызша оқыту нысаны. | |
| | 2.5 Жазалар жүйесі мен түрлері.<br>- Жазалар жүйесі мен түрлері.<br>- Қылмыстық терісқылық үшін тағайындалатын жазалар.<br>- Қылмыс үшін тағайындалатын жазалар.<br>- Қосымша жазалар. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | **БӨЖ** | |
| | 2.1 Қылмыстық құқықбұзушылықтың көптігінің жаза тағайындау барысындағы мәселелері. Коллоквиум. Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 2.2 Қылмысты орындаушының эксцессі.<br>- Қылмысқа қатысушылардың қылмыс жасаудан өз еркімен бас тартуының ерекшеліктері. Коллоквиум.Әр бір жұма сағат 14-00 | 6 |
| | 2.3 ҚР қылмыстық кодексімен қарастырылмаған әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар. Реферат. Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 2.4 Жазаның тиімділігінің түсінігі.<br>- Жазаның тиімділігін арттырудың мемлекеттік және әлеуметтік шаралары. Салыстырмалы талдау.<br>Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 2.5 Өлім жазасының қылмыстық-құқықтық маңызы.<br>- Қазақстан Республикасында өмір бойы бас бостандығынан айыру өлім жазасына балама ретінде. Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | Модуль 2 бойынша барлығы | 45 |
| | Модуль 3. Модуль атауы | |
| | Дәрістер | |
| | 3.1 Жаза тағайындаудың жалпы негіздері. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 3.2 Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 3.3 Қылмыстық жазадан босату. Соттылықты жою және алып тастау. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 3.4 Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | 3.5 Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, интерактивтік әдіс, тақырып бойынша презентациялар, қосымша эмпирикалық материалдарды қолдану. | 2 |
| | Тәжірибелік (семинар) сабақтар | |
| | 3.1 Жаза тағайындаудың жалпы негіздері.<br>- Жаза тағайындаудың жалпы негіздері. | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| | - Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар.<br>- Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | |
| | 3.2 Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері.<br>- Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.<br>- Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату.<br>- Кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | 3.3 Қылмыстық жазадан босату.<br>- Қылмыстық жазадан босатудың түрлері.<br>- Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату.<br>- Соттылықты жою және алып тастау. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | 3.4 Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.<br>- Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктері.<br>- Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері.<br>- Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.<br>- Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | 3.5 Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.<br>- Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың негіздері және мақсаттары.<br>- Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері.<br>- Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату. *Оқытудың әдістері:* интерактивтік тақта, сұрақ-жауап түріндегі ойындар, мультимедиялық тақтаны қолдану арқылы ауызша оқыту нысаны. | 1 |
| | БӨЖ | |
| | 3.1 Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу.<br>- Жаза мерзімдерін қосу кезінде оларды айқындау тәртібі.<br>- Сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау.<br>- Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы және үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау.<br>Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 3.2 Шартты түрде соттау.<br>- Шартты түрде соттау-жазаны өтеудің айрықша түрі ретінде.<br>- Шартты түрде соттаудың күшін жою. | 6 |

| | | |
|---|---|---|
| | Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | |
| | 3.3 Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың түрлері.<br>Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 3.4 Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының өзекті мәселелері.<br>- Кәмелетке толмаған тұлғаларды жауаптылық пен жазадан босату негіздері.<br>- Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының мәні.<br>Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | 3.5 Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындау мәселелері.<br>Әрбір сейсенбі сағат 14-00 | 6 |
| | **Модуль 3 бойынша барлығы** | **45** |
| | **БАРЛЫҒЫ** | **135** |

**4. Пәннің қысқаша ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттамасы**

Аудиториялық сабақтар барысында ағымдық бақылау өткізу, СӨЖ орындау сапасын бақылау, коллоквиум нысанындағы аралық бақылау, ауызша емтихан нысанында аралық аттаестация өткізу жоспарланған.

*Бақылау формасы*

Ағымдағы бақылау - 20%
СӨЖ бақылау - 20%
Аралық бақылау: - 20%
Ағымдағы және аралық бақылау - 60% кем емес
Қорытынды бақылау - 40% кем емес

5. Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау жүйесі

Білім алушылардың білімі, шеберлігі, дағдылары келесі жүйе бойынша бағаланады:

| Әріптік жүйе бойынша баға | Балдардың сандық эквиваленті | Пайыздық көрсеткіші | Дәстүрлі жүйе бойынша баға |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | Қанағаттанарлық |
| C | 2,0 | 65-69 | |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | Қанағаттанарлықсыз |

**Курстың саясаты мен процедурасы**

**«Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» (Жалпы бөлім)** оқу пәні міндетті болып табылады. Жалпы оқу жүктемесі 3 кредитті құрайды, оның ішінде 30 сағат - дәріс, 15 сағат- тәжірибелік сабақ.

**Пәннің талаптары**: аудиторлық сабақтарға міндетті түрде қатысу, сұрақтарды талқылауға белсенді қатысу, дәріс және тәжірибе сабақтарына алдын ала дайындалу, СӨЖ

бойынша тапсырмаларды сапалы және өз уақытында орындау, бақылаудың барлық түрлеріне қатысу.

***Кесте 1***

| Баға | Критерий |
|---|---|
| А бағасы | Оқытылған материал бойынша терең әрі толық білімді; қарастырылып жатқан ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтардың, теориялардың, олардың өзара бйланысының мәнін толық түсінуді көрсете біледі. Оқытылған материал негізінде толық әрі дұрыс жауапты құрастыра біледі; негізгі ережелерді белгілеп, жауапты нақты мысалдармен және деректермен толықтыра алады; қорытындыны жалпылау, дәлелді талдау жасай алады. Пәнаралық және пән ішіндегі (бұрын алынған білім негізінде) байланыстарды орната біледі. Түсіндіруде шығармашылық қабілетін танытады. |
| А- бағасы | Сұрақтың мазмұны бағдарламаның талаптарына сәйкес толық, жүйелі түрде баяндай алады. Бағдарламада ұсынылған негізгі және қосымша әдебиетті терең игерген, өз ойын жеңіл түрде мазмұндай біледі. Талқыланып жатқан мәселеге кең, әрі жан-жақты талдау жасай біледі. Елеулі нақты қателердің болмауы. Қорытындысы дәлелді және нақты материалға негізделген. Жауап беру кезінде білім алушының өздігінен түзетілген, сұраққа байланысты тақырыптан 1-2 жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателердің бар болуы. |
| В+ бағасы | Оқытылған материалды толық біледі. Оқытылған теориялар негізінде толық әрі дұрыс жауаптың болуы; оқытылған материалды баяндауда, ұғымдарға анықтама беруде, ғылыми терминдерді қолдануда немесе қорытынды жасауда кейбір үйлеспеушілік пен қателердің болуы. Студент жіберген қателерін оқытушының көмегімен түзете алады. Жалпы оқытылған материалды меңгеріп, нақты мысалдармен дәлелдей алады. |
| В бағасы | Оқытылған материалдардан негізгі ережелерді өз бетімен атап көрсете біледі; негізгі ережелердің мағынасын аша алады, жауабында логикалық, жүйелі біріздiлiк бар. Дәлелдер мен мысалдар негізінде жалпылау, қорытынды жасай білу, пән ішіндегі байланыстарды орната білу. Практикада алған білімді, ғылыми терминдерді қолдана білу. Бірақ әдебиетпен, оқулықпен жұмыс істеуде жеткілікті дағдысы жоқ. Баяндау кезінде кейбір жіберген қателерін оқытушының жетекші сұрақтарына жауап беру арқылы өз жауабын түзей алады. |
| В- бағасы | Жалпы студент берілген сұраққа дұрыс жауап береді, бірақ жауап беру үдерісінде маңызды басты деректердің жоқтығы, негізгі материалды меңгергенімен, оны саралай талдауда қиналып, мысалдармен нақты дәлелдей алмайды. Баяндау кезінде кейбір жіберген қателерін оқытушының жетекші сұрақтарына жауап беру арқылы өз жауабын түзей алады. |
| С+ бағасы | Жауабы толық, бірақ жүйелі емес. Жауабында тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар бар. Негізгі ұғымдарды анықтауда жіберген қателерін түзетуге қиналған жағдайда қойылады. |
| С бағасы | Студент берілген сұраққа толық жауап бермейді, тақырыптың, |

| | |
|---|---|
| | негізгі ережелердің мағынасын кеңінен аша алмайды. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды |
| C- бағасы | Студент берілген сұраққа толық жауап бермейді, жауабында негізгі ережелерді ерекшелей алмайды, сұрақтың басты идеялары ашылмайды. Сөздік қорының жеткіліксіздігі, материалды толық меңгермегендігі байқалады. |
| D+ бағасы | Көптеген маңызды фактілер келтірілмейді, қорытынды жасалмайды; фактілер қарастырылып жатқан мәселеге сәйкес келмейді, олар салыстырып қарастырылмайды; негізгі мәселені көрсете алмау (қате болса да). Көп елеулі қателер бар. Студент жауабында талқыланып жатқан мәселенің іргелі, әрі негізгі мәселелермен байланыс түсінігінің жоқтығы. Білім алушы оқытушының көмегінен кейін ғана жауабын түзетуі. |
| D бағасы | Студент нашар жауап береді, тақырыпты толық меңгермеген, жауаптарында елеулі қателер байқалады. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды. |
| F бағасы | Студент өте нашар жауап береді, сұрақтың мағынасын түсінбейді. сөйлеу мәнері төмен, көптеген қателер байқалады. Оқытушының жетекші сұрақтарын түсінбейді. Оқу материалын меңгермеген жағдайда қойылады. |

## 6. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

| № | Автор, атауы, шыққан жылы | Ақпарат көзі | Бары (дана) | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Кітапханада | Кафедрада |
| | Негізгі әдебиеттер | | | |
| 1 | ҚР Қылмыстық Кодексі 3 шілде 2014 жыл № 226-V ЗРК | кодекс | 50 | - |
| 2 | Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: ЖОО арналған/Жауапты редакторлар Қ.Ж. Балтабаев, С.К. Сыздық, А.Ә. Биебаева.-Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017.-523б. | жинақ | 5 | 3 |
| 3 | Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан (Общая часть).- Издательство: Жеті жарғы, 2015. - 992 с. | түсініктеме | 25 | 1 |
| 4 | Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Учебник для вузов. Ответственные редакторы –д.ю.н., профессор И.И. Рогов, д.ю.н., профессор К.Ж. Балтабаев и д.ю.н., профессор, заслуженный деятель науки РФ Коробеев А.И. – Астана: ЕҰУ типографиясы, 2017.-538с. | оқулық | 10 | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан под редакцией д.ю.н., профессора С.М. Рахметова, заслуженного деятеля РК, д.ю.н., профессора И.И. Рогова – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016.-752с. | | 5 | - |
| 5 | Бекмагамбетов А.Б. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и особенная части: учебник / А. Б. Бекмагамбетов, В. П. Ревин, О. А. Рыхлов. - Алматы: Жеті жарғы, 2010. - 856 с. | оқулық | 2 | - |
| Қосымша әдебиеттер | | | | |
| 1 | Комментарий к уголовному кодексу Республики Казахстан. В двух книгах. Книга 1 (статьи1-188) / ГУ «Институт законодательства» министерства юстиции РК: Академия финансовой полиции РК; под ред. И. И. Рогов, Е. Ш. Рахметов. - 3-е изд. доп. и перераб. - Алматы: Норма-К, 2012. - 600 с. | комментарий | 1 | - |
| 2 | Комментарий к уголовному кодексу Республики Казахстан. В двух книгах. книга 2 (статьи189-393) / ГУ «Институт законодательства» министерства юстиции Республики Казахстан; Академия финансовой полиции Республики Казахстан; под ред. И. И. Рогов; ред. С. М. Рахметов. - 3-е изд, доп. и перераб. - Алматы: Издательство «Норма-К», 2012. - 632 с. | комментарий | 1 | - |
| 3 | Лупу А.А. Транснациональное криминальное право: учебное пособие. – Москва: Дело и Сервис, 2012. – 352 с. | | 1 | - |
| 4 | Международное уголовное право : учебник для вузов / А. В. Наумов, А. Г. Кибальник, В. Н. Орлов, П. В. Волосюк. — М.: Издательство Юрайт, 2013. — 463 с. | | 1 | - |